

**МЕРЕЙ**

БІЗДІҢ БЕЛЕС

Газетіміз 15 жаста. Баспасөз тарихы тұрғысынан қарағанда бала басылым. Алғашқы саны «Ұшқын» боп шыққан «Egemen Qazaqstan», әу баста жалпақ жұртқа «Өртең» деген атаумен танылған «Жас алаш» бүгінде ғасырмен құрдас. «Қазақ әдебиетінің» өзі 85-ті еңсерді. Дейтұрғанмен, қазіргі қатал нарық заманында газет бір жыл бойы тоқтаусыз шығып тұрса, оның өзі әжептеуір жетістік дейсің. Егер қандай да бір мекеменің немесе ұйымның басылымы емес, капитализм тілімен айтқанда, демеушісіз, өзін өзі қаржыландыруға тиіс коммерциялық жоба болса.

Мұндай мәртебені иеленсеңіз, басты міндет қаржы табу екені белгілі. Қызметкерлердің жалақысы, салық, зейнетақы және әлеуметтік төлемдері, қағазы қымбаттай беретін типографияға жұмсалатын шығын, кенсе жалдау, құрал-жабдық алу, редакция көлігінің жүріп-тұруы, газет тарату, сайттың күнделікті жұмысын қамтамасыз ету. Бұған басылымның меншік иесі болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің тапқан табысына байланысты төлейтін төлемдерін қосыңыз. Бір сөзбен айтқанда, аз емес. Ал газет нарығы құлдырап, таралым азайып, жанға бататыны — баспасөз бен кітап оқуға деген бір кездегі жаппай құштарлық өткен күннің төтті елсіне айналып тұрған бүгінгі заманда газетті рухани азық дейтіндер сиреп бара жатқандай. Содан болар, кейбір әріптестеріміздің өзі «Газетті кім оқиды? Кімге керек?» — деп сурақты төтесінен қоятын болды. Оларға салсақ, қағаз басылымның күні өткен, бүгінде жұрттың бәрі интернет пен әлеуметтік желіде. Рас, ақпаратты жедел тарату, дайындаған дүниені бейнекөріністі қосып, мазмұнын байыту жағынан келгенде интернетке бәсекелес жок. Бірақ ойлануға, тұжырым жасауға, оқырманның дүниетанымын байытуға мүмкіндік бермейді. Өйткені, толассыз келіп жатқан ақпараттың бәрін оқу да, қорыту да қиын. Ал асығыс әрі үстірт қабылдау сауатсыздыққа жетелейді. Осыны дереу аңғарған жапон билігі балалар мен жастардың кітап оқуына ерекше көңіл бөліп, оны мемлекеттік деңгейге көтерді. Қазір метро мен автобуста, пойыз бен ұшақтағы жапонның қолынан кітап немесе газет-журналды көресіз. Смартфоны да бар. Бірақ оны байланыс құралы ретінде қолданады. Ал бізде, өкінішке

JAS QAZAQ

15

**ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ**


қарай, алдымен кітап, содан кейін газет-журналға қырын қарау белен алды. Сонын кесірінен саудасы жүрмеген кітап дүкендері, ақпарат кеңістігінде жұрттың санасына ықпал ету үшін көрінбейтін күрес өршіп тұрғанда бірқатар газет-журнал жабылып қалды. Бұған осынау аса маңызды саланы елімізде, тіпті, қандай газет бар екенін де білмейтін қайсыбір шенеуніктердің басқаруы да себеп болған шығар. Бір жақсысы, билік соңғы жылдары ақпараттық саясатқа шындап көңіл бөле бастады. Әсіресе, Дәурен Абаев осы саланың тізгінін ұстағалы көршілес және дамыған елдердегі секілді бізде де ақпарат құралдарына деген мемлекеттік көзқарас қалыптасты. Министр кейбір сынаржақ пікірлерге қарамастан қағаз басылымның шыға беретінін кесіп айтты.

Біздіңше, баспасөз — ойлы журналистиканың ордасы. Газет-журнал немесе кітап оқырманның сауатын арттырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Jas qazaq та осы жауапты да сауапты, игілікті һәм маңызды міндет жолында қызмет етіп келеді. Әр жылдары газетте жұмыс істеген

Талғат Ешенұлы, Жанарбек Әшімжан, Еренғайып Қуатайұлы, Есей Жәнісұлы, Дәурен Қуат, марқұм Әмірхан Балқыбек, Сәкен Сыбанбай, Өркен Кенжебек, Ерлан Әбдір, Дәулетхан Қыдырбайұлы, Шадиар Өстемір, Гүлзат Смағұл, Ағабек Қонарбай, Токтар Жакаш, Серікбол Хасан, Мәрген Токсанбай, Елдос Өмірзақ секілді көптеген сөз сүлейлерін оқырман қазақ журналистикасының қайраткерлері ретінде жақсы біледі. Басылымның қазіргі қызметкерлері мен белсенді авторларымыз газетті өрге сүйреп келеді. Әрине, басылымның барлық саны керемет деуге келмес. Дегенмен, сол игі дәстүрінен танған емес. Біз оқырманды үлкен-кіші деп бөлмей, алааламай, ешқайда бұра тартпай, айқын да әділ ақпарат беруге тырысамыз. Осы жолда ізденіміз, еңбектеніміз. 15 жыл бойы бізбен бірге болған барша оқырманға, авторларымызға бас иіп, мың алғыс айтамыз. Біз жеткен жетістігімізден гөрі алар асуымыз алда деп есептейміз. «Озғандарға жету керек, жеткендерден озу керек!» Газеттің алғашқы күнен бері ұстанған осы қағидасы өзгермек емес.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ

АҚШ пен Иран. Ұзақ жылдарға созылған екіжақты қақтығыс соңғы күндері қатты ушығып кетті. Кейбір сарапшылар мен саясаттанушылар Таяу Шығыс аймағы үлкен соғыс алаңына айналуы мүмкін деген болжам жасауда. Бүкіл әлем алаңдап, көз тігіп отырған текетірестің себеп-салдарын белгілі шығыстанушы-ғалым, Иранды жақсы білетін Ислам Жемеңейден сұрадық.



«ОЙНАСА» ДА, ОЙЛАНЫП ОЙНАЙДЫ»

Jas qazaq: Ислам мырза, сарапшылар «АҚШ пен Иран текетіресі үшінші дүниежүзілік соғысқа түрткі болуы мүмкін» деген пікір айтып жатыр. Жағдай қазіргіден де ушығып кетуі мүмкін бе?

И.Жемеңей: АҚШ пен Иран текетіресі бүгін тұтанған дүние емес. Осыдан 40 жыл бұрын басталған. Ол кезде Иранда патшалық жүйе еді. Патша билеген Иран Таяу Шығыстағы ең ықпалды мемлекет болды. Әскери қуаты, индустриясы да мықты болған. Ол кезде Америка мен Иранның арасы жақсы болды. Иран патшасының ықпалының күштілігі соншалық, ол мұнай бағасын қымбаттатты. Сөйтіп, Иран өте бай елдердің біріне айналды. Америкадан қару-жарақ сатып ала бастады. Қазақша айтқанда, байлыққа сеніп, ірі сөйлей бастады. Онысы айналасындағы ірі державаларға ұнамады. Сөйтіп, патшаның биліктен кетуіне ішкі-сыртқы күштер ықпал етті. Патша биліктен кеткенімен, Америка мен Иран арасы жақсара қойған жок.

Міне, алғашқы кығықабақ сол кезден басталған. Содан бергі 40 жыл бойы Иран «Американы тәубесіне келтіреміз!» деп ұрандатып келеді. Ал АҚШ «Біз Иранды тізе бүктіреміз!» деп тепсінеді. Жалаң ұран. Бірақ қолдарына қару алмайды. Бір-біріне ашық соғыс аша алмайды. Ашпайды да.

Jas qazaq: Неге?

И.Жемеңей: Бұл екі елдің бір-біріне мұқтаждықтары көп. Мәселен, Иран Американың елшілігіндегі 52 адамды тұтқындағанда, АҚШ не істеді? Түк те жасаған жок. Қазіргі жағдай Трамптың саяси тағдырына ықпал жасайтын түрі бар. Қырық жыл бойы екі ел бір-біріне неге ашық қарсы шықпайды? Саясаттанушылар осыны зерттеп айтуы керек.

АҚШ пен Иран қақтығысының негізгі себебі — мұнай. Оны бәрі біледі. Дін мен идеологиялық қақтығыс — көленкедегі мұнай соғысының себептері ғана. Америка «Иранды тізе бүктірмесек, әлемді алаңдатқан лаңкестік жойылмайды» — дейді. Ол — бос сылтау. Мұндай сөз — идеологиялық құрал. Ал Иран «Американың империялық күші жойылмаса, біз, мұсылман мемлекеттері еркіндікке, шынайы тәуелсіздікке жетпейміз!» — дейді. Осы тұрғыдан қарағанда, ешқандай үшінші дүниежүзілік соғыс болмайды деп кесіп айтуға болады. Бұл жай ғана саяси ойын. Ол ойынның негізгі ойыншысы, әрине Америка. Сонда бұл ойында қандай мүдделер қайшылығы бар? Бұл да саясаттанушылардың жауап беретін сұрағы.

Jas qazaq: 40 жылдан бергі текетірестен кім, не ұтты?

И.Жемеңей: Америка 40 жылда өз ықпалын Таяу Шығыста күшейтпесе, әлсіреткен жок. Мәселен, Ауғанстан, Ливия, Сирияда АҚШ-тың ықпалы үстем. Иран да қарап жатқан жок.

(Жалғасы 5-бетте)

ШЕКТЕН ШЫҚҚАН

Занды белден басқан докейлердің белі кетті. Ақмола облысындағы бүтін бір ауданның докейлері тыйым салған аймақта балық аулаймыз деп басы бөлеге қалды. Мемлекеттік қорғауға алынған аумаққа кіріп қармақ салған өңсен ығайлар мен сығайлардың арасында Ырғыздың аудандық сотының төрағасы мен прокурорынан бастап, аурухананың бас дәрігері, төтенше жағдай

ШІРЕНГЕН ШЕНЕУНІКТЕР ҚАРМАҚҚА ТҮСТІ

басқармасының бастығына дейін болған. Жаңа жылдан кейін демалуда шыққан шенеуніктерді қорықтың заны қызықтырмапты.

«Ырғыз-Торғай» мемлекеттік резерваты — ерекше қорғауға алынған аумақ. Оған кез келген адамның кіруіне тыйым салынған. Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Әнуарбек Бермағанбетовтың КТК телераисына берген сұхбатында, ерекше қорғалатын аумаққа рұқсатсыз кірген 7 азамат ұсталыпты.

Инспектордың айтуынша, жеті докейдін арасында аудандық соттың төрағасы Ерлан Бақытжан мен прокурор Айдоос Сағындықов болған. Оның сөзін Ақтөбе облысы прокурорының көмекшісі Өркен Ещанов та растады. Балыққа барған шенеуніктердің қатарында аудан әкімдерінің бірі болыпты. Ол тексерушілер жеткенше қашып кеткен көрінеді. Бірақ іздестірілуде.

Жарас ШӨКЕ

**БИРЖАМЕТР**

МҰНАЙ (brent)
65,42

DOLLAR
378.21

EURO
421,25

РУБЛЬ
6,11

ӘТТЕГЕН-АЙ!

ТЕКСЕРІС КӨП, НӘТИЖЕ АЗ

Быттыр елміздің көлік жолдарында сапаға қатысты 13 мыңға тарта тексеру жүргізілген. Өкінішке қарай, күттімі нашар күре жолдарда 5 мыңнан астам әртүрлі олқылық анықталған.

Мәселен, өткен жылы Ақмола облысына қарасты Қосшы кентінде ұйымдастырылған тексеру шаралары нәтижесінде түрлі кемшіліктер орын алғаны дәлелденді. Техникалық қадағалау, субмердігерлік және жобалық ұйымдардың мамандарына өкімшілік айыппұл салынды. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қызылорда облыстарындағы жолдардың да талапқа сәйкестігін тексерілген. Соның барысында жергілікті маңызы бар Майқайың — Екібастұз және Жалағаш — Жосалы жолдары стандартқа сай еместігі анықталды.

Бұл деректер «Ұлттық жол активтері сапасы орталығы» РМК-ның жыл қорытындысында айтылды.



Мәселе

Алдымен облыс орталығы туралы айта кетейік. Сол дәуірде Көкшетау қаласында жергілікті ұлт тілінде тәлім-тәрбие беретін бірде-бір білім ошағы жоқ екен. Облыстық мектеп-интернат қалалық білім бөлімінің құзырына жатпайтын мекеме. Онда негізінен шалғайдағы елді мекендерде тұратын ата-аналардың балалары білім алады. Жетіскеннен емес, әрине.

Алдымен, аралас мектептердің өмірге келуі туралы сөз сабақтап, бастан жақты айырғандай етіп түсіндірейік. 1990 жылдардағы жағдайды аға буын өкілдері жақсы біледі. Бұл кезде қазақ тілі білім ошақтарының төріне, төріңіз не, босағасына ене алмай жасуатандап тұрған шақ еді ғой. Жазықсыз адамдардың тау болып үйілген сүйегінің, өзен болып аққан көз жасының үстіне тұрғызылған қызыл империяның өктемшіл, озбыр саясаты шағын ұлттар мен ұлыстардың рухын жасытып, тілі мен ділін жоюға сынық сүйем ғана қалған еді. Енді бірер жылда ұлттық деген сөзді ауызға да ала алмас едік. Облыстық халыққа білім беру бөлімінің бастығы болып тағайындалғаннан кейін облыстағы білім беру саласында қалыптасып отырған нақты жағдайды ақыл таразысына салып, өлеп-екшедім.

МЕН АЙТПАЙ, СІРӘ, КІМ АЙТАР?

Сол елді мекендерде білім ошақтары болмағандықтан, болған күннің өзінде де бастауыш мектепті бітіргеннен кейін басқа барар жер таппағасын. Осының өзі-ақ сол тұстағы жергілікті ұлт тілінде тәлім-тәрбие беретін мектепке деген көзқарасты көрсетіп тұрған жоқ па...

Мәлік Ғабдуллин атындағы №3 орта мектептің аты дардай болғанымен, ол да аралас білім ошағы еді. Онда да облыстық мектеп-интернатқа сыймаған, аудандардан келген балалар білім алатын. Ал, аралас мектеп туралы әңгіме қаузағанда алдымен, облыс орталығындағы мектептерге сыналап қазақ тілін енгізу қажет болды. Өзге жұрт өрікіп, әр кеуделенбес үшін. Бесігінде тұншығып жатқан қазақ тілінің, қазақ тілінде білім беретін сыныптың басын дауға қалдырмау үшін. Өз тілімізде оқымыз деп айтудың өзіне ерлік керек болған заман-ай, десенізіші. Оның өзінде де қазақ сыныптарына қолайсыздау орын бөлінетін жағдай да кездесті. Тіпті, оларға дәретхананың жанынан бөлме берілгендігі туралы ақпараттар жетіп жатты. Біртіндеп соның барлығын жөнге қойдық. Аралас мектеп шын мәнінде өзінң тарихи миссиясын аяқтап шықты. Әуел баста амалсыздан жасалған қалам еді. Оның зиянын, тәлім-тәрбие процесінің дәл ұлттық мектептегідей жүргізілмейтіндігін әрине, білдік. Бірақ, соның өзінде де бұдан басқа амалымыз болмаған. Таза ұлттық мектеп ашуға уақыт керек еді. Әрі мұндай мәселе қою ол кезде мүмкін емес шаруа болатын.

Ендігі арада еліміз егемендік алып, тіліміздің бағы жаңып жатқан уақытта аралас мектептерден құтылуын онтайлы жолы қатарлас, қанаттас тұрған екі білім ошағын біріктіру. Біреуі — таза қазақ тілінде, екіншісі — орыс тілінде. Мұндай қаламның ұтымдылығы ұлттық тілде тәлім-тәрбие беретін білім ошағында сабақтан тыс жұмыстардың, тәлім-тәрбиелік шаралардың барлығы таза қазақ тілінде өткізіледі. Біреудің біреуге ешбір бөгеттігі жоқ. Көрнекі құралдарың, көмекші әдістемелік материалдарың, ең бастысы, ұлттық рухын бөле-жарылмай, тұтас, толымды күйінде мәнді, мазмұнды игерілмек.

Ол тұста елдің ұғымында «орыс тілін білмеген адам далада қалады» деген жаңсақ ұстаным болды. Жаңсақ та емес, шындық еді. Шындық болатыны жоғары оқу орындарының барлығы орыс тілінде. Оны айтасыз таза қазақ тілінде кәсіптік-техникалық білім алу да мүмкін емес болатын. Осындай өмірлік маңызы бар себеп-салдар жергілікті ұлтты өз тілінен өздері безуге мәжбүр етті. Осыдан 30 жыл бұрын халыққа қызмет көрсету салалары

түгел орыс тілінде сөйлеп тұрды емес пе. Тұтас республикада дәл осындай жағдай қалыптасқаннан кейін қазақ тілінде қадір бола ма! Қадірлете алатын қадір да тапшы еді. Шалғайдағы елді мекендерде жекелеген жетілдірілген оқыту үшін жоғары білімді мамандар жүзеге аскандығын айтқан ләзім. Облыс орталығында Жанайдар Мусин атындағы қазақ педагогика колледжінің ашылуы облыстағы білім саласына соны серпіні берді. Алматыдан кейін екінші болып қазақ-түрік лицейін ашу жас толқынның рухани жан-дүниесін байытуға игі ықпал етті. Осындай қадау-қадау жақсылықтар да қуаншылық жылы бұр жарған бұтақтың бүршігіндей көңілдерде гүлдеп тұратын.

Сөз соның қорыта келе, айтар нақты ұсыныс: облыс орталығындағы аралас мектептерді біріктірген ләзім. Таза ұлт тілінде берілген білімнің жемісі аралас мектептегіден әлдеқайда мәнді. Қосын қоныстанған іргелес оқу орындарын біріктіріп, бірінде қазақ тілінде, екіншісінде орыс тілінде білім беретін білім ошақтарын құруымыз керек. Сонда ат та аман, арба да жүрдек. Дәл қазір дөңгеленген дүниені дағдарыстың демі шарпып тұрғанда таза жергілікті ұлт тілінде білім беретін бірнеше мектеп салу облыс бюджетіне жүк болатын болса, түйінді шешудің ең тиімдісі жоғарыда айтқан қадам.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

QOƆƆAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Пікір

Алтайдан Атырауға дейінгі құстың қанатын талдырған, тұлпардың тұяғын тоздырған сайын даладағы көзі қарақты оқырманның көңілін өзіне тартып, сырласы мен мұңдасы, қамқоры мен жанашыры, һәм ақылшысы болып келе

жатқан республикалық «Jas qazaq» газетінің шыға бастағанына 15 жыл толып отыр.

Бүгінгі зымыран дәуірдің өлшемімен таразы басына тартсаңыз, анау айтқандай көп те уақыт емес. Бірақ, қолына қалам ұстаған адам редакция журналистерінің әр нөмірді бір идеяға бағындырып, оқырманның ойынан, діндеген жерінен шығуға талпынып, жанкешті еңбек ететіндігін ескеретін болсақ, он бес жылдағы жүздеген, мыңдаған нөмірге жұмсалған қияпат қажыр-қайрат шашетектен.

Алдымен, газет туралы сөз еткенде мынаны айтуымыз керек. Бүгінгі нарықтық заманда газет тауар есебінде. Тауарың өтімді болуы үшін жып-жинақы, сыртқы кейпі көз арбайтын әдемі болуы керек. Бұл орайда «Jas qazaq» газеті республикалық басылмалардың ішінде ең көріктісі десек, артық айтқандық емес. Газеттің беттелуі, саналуан бояуы, материалдардың берілу тәсілі өзге басылмаларға мүлде ұқсамайды. Сұлу да сыпайы, әдемі де айшықты. Бірақ, бар сұлулық, тартымдылық сыртқы тұр, бояу-бедерде ғана емес, ішкі мәнде, мазмұнда болуы шарт. Бұл тұрғыдан келгенде де бұрын оқып көрмеген оқырманның қолына ұялмай ұсынуға болады. Діттеп оқытын, әр нөміріне көз жүгіртіп отыратын оқырман «Jas qazaq» қоғам өміріндегі сан саланы толайым қамтып, тұздығын татымды етіп жазатынын аңғарар еді. Тілі тартымды, айтқан сыны орынды. Қазіргі қарапайым оқырман кез-келген басылманың ішінен оқырлық материал іздейді. Егер бір-екі санында тұшынып оқытын тартымды дүние болмаса, келер жылы ол газетті алар алдында ойланатыны хақ.

Бұл тұрғыдан келгенде елдің сөзін, жердің сөзін ешкімнен тайсалмай, тайынбай, діттеп айта алатын «Jas qazaq» жалындап тұрған басылм. Сын айтуға әркім де шебер, орын алып отырған қиындықтан қиялай тартып шығар жол қайсысы? Ең абзалы соны көрсете білу, соны айта білу де өнер. Біздің пайымдауымызша, газет кемшілікті де, жақсылықты да айтып-ақ келеді. Сонысымен күнды, сонысымен қадірлі.

Қазіргі күні қағаз газеттің ғұмыры санаулы деген пікір айтылып жүр. Өйткені, әлеуметтік желі жылдам. Газеттегі хабар оқырманның қолына тигенше ескіріп қалады. Ал, танымдық дүниені қанша жылдам болса да әлеуметтік желі дәл газеттей жеткізе алмайды. Білетіндердің айтуына қарағанда, әлеуметтік желі шет елдерде екпінді үй жыққандай болып басталып, кейін байыз тапса керек. Келешекті болжайтын көріпкел емеспіз, бірақ, қағаз газеттің болашағы жоқ дегенге сенгіміз келмейді. Не жок болсын, бар? Ойлы он сан оқырманы барда салмақты сөзді саралап, санасына жеткізіп айта беретін болар. Енді сөз соның сүйікті басылмыма деген көрі көңілдің лүпілімен аяқтайын.

*Ел сенімін қашандағы ақтамақ,
Өзіңізбен өрістейді бақ, талап.
Жалын атқан лебіңменен дем берші,
Дүйім қазақ сүйіп оқыр, «Jas qazaq»!*

*Тосам сенің нөміріңді апталап,
Жалын жастар сізбен қайам бастамақ.
Он бестегі абызым-ай аяулы,
Өркеніңіз өсе берсін, «Jas qazaq»!*



Байкен КӨБЕЕВ,
*ардагер журналист,
Көкшетау қаласы*

Осы ғой енді...

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне қарағанда, жер шарында ішімдік салдарынан жыл сайын 3 миллионнан астам адам өледі. Яғни, о дүниеге ертерек аттанатын дүниежүзінің әрбір 20-шы тұрғынының 75 пайызы ер адамдар. БұҰ мәліметі бойынша ащы судың азабынан соң жүрегі тоқтаптындардың тізімінде Қазақстан 10-шы орында тұр. Әсіресе, соңғы кездері тұрғындары күрт көбейген Алматыдағы қайғылы оқиғалар қабырға қайыстырады. Алматы қалалық тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің бастығы Айзат Молдағасимова келтірген деректерге сенсек, 2019 жылы қалада 6000-нан астам адам ішімдіктен ұланып, оның 2000-ы ауруханаға жатқызылған. Ал ұланғашы 23 адам өмірімен қоштасқан. Бұл деректер көше «Қазақстанның тұтынушылар қауымдастығы» өткізген жиында айтылды.

Өткен жылы еліміздің түкпір-түкпірінен алкогольдік ішімдік сапасына күмәнданған тұрғындардан қауымдастыққа шағым жиі түскен. Осыған орай «Қазақстан тұтынушылар қауымдастығы» арнайы тексеру шараларын ұйымдастырған. Нәтижесінде Алматыдағы сауда-орындары мен базарлар, ішімдік сататын дүкендердің бір саусаны бүтүлі екендігі белгілі болған.

Қазақстан тұтынушылар қауымдастығының төрайымы Светлана Романовская осы науқан аясында көптеген құқық бұзушылықтар анықталып, заң аясында тиісті шаралар қолданылғанын жеткізді. Ол: «Ең алдымен Үкімет жыл сайын алкогольді

ішімдіктерді бөлшек саудада өткізудің ең төменгі бағасын бекітетінін айтып өткім келеді. Былтыр бұл шекті мөлшер 1 литрге — 1923 теңге, 0,5 литрге — 961,5 теңге, 0,25 литрге 480,75 теңгені құрады. Ал алкоголь өнімдерін белгіленген шекті бағадан төмен сатқан жағдайда, ол ішімдіктер жалған болып табылады», — делі.

Мамандардың айтуынша, кез келген спиртті ішімдік өз бағасынан әлдеқайда

АШЦЫ СУДА АЖАЛ БАР



арзан болса, оның сапасы күмәнді. Соның салдарынан арзан ішімдік ішемін деп, ұланып қалуыңыз әбден мүмкін. Осыған дейін арақ-шарап сататын дүкендерде бірнеше олқылықтар анықталған. Мәселен, спиртті ішімдіктерге арналған арнайы счет-фактураның болмауы, өндірілген орынын анықтау мүмкін емес өнімдерді сақтау, ішімдіктердің лицензиясы болмауы, бөлшек саудада көрсетілген бағадан арзан сату. Мұндай кемшіліктер анықталған жағдайда, құқық бұзушылыққа қатысты шағымдар тиісті орындарға жіберілді.

Жиында шараптың сапасы мен бағасына байланысты түйткілдер мен қолдан жасалатын ішімдіктерді қалай анықтау керектігі де айтылды. Бұған себеп, жоғарыда айтқанымыздай жасанды арақтан жан тапсыратын азаматтардың көбейгені болып тұр. Бұл жерде қауымдастық өкілдерінің ескертулері қарапайым халық үшін маңызды болып тұр.

Қазақстан тұтынушылар қауымдастығының мүшесі Әскер Шерубаевтың айтуынша, спиртті ішімдіктің шығу тегі күмән туғызса, оны тексерудің бірнеше әдісі бар. Ол: «WIPON қосымшасы арқылы ішімдіктің шығу тегін анықтауға болады. Ол үшін шараптың штрих-кодын қосымшаның сканерінен өткізу керек. Сонымен қатар, ішімдіктерді тұтынушыларға ыңғайлы болуы үшін

Қаржы министрлігі мемлекеттік кіріс комитетінің ресми интернет ресурсында «алкогольді өнімдерді есепке алу және бақылау маркасының дұрыстығын тексеру қызметі» іске қосылған. Біздің мақсатымыз — тұтынушыға сапалы өнімді ғана ішуді ескерту», — делі.

Елімізде тұтынушылар құқығын қорғау әлі де жоғары деңгейде емес. Тек қана спиртті ішімдік емес, басқа да сапасыз тауар сатып алған азаматтар өз құқығын білмейді. Қайда бару керек, қайда шағымдану керек? Бұл жағына кейбір тұтынушылар мән беремейді. Сондықтан сауаттылық қана сан соқтырмайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



NARYQ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Қызмет

Жаңа жыл жаңалықтармен басталды. Оның бірі де бірегейі – көп балалы отбасыларына төленетін атаулы әлеуметтік көмек. Төрт және одан көп көмелетке толмаған балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы төлеуге 2020 жылғы қаңтарда 17,7 млрд теңге бөлу кезделген. Жалпы алғанда, биыл көпбалалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы төлеуге 177,6 млрд теңге жұмсалмақшы. Бұл жәрдемақыны 346,8 мың отбасы алады. Ал қазір құзырлы орындарда құжат қабылдау қалай іске асырылуда, жұртшылық арасында кезек мәселесі жоқ па? Осы сауалдарға жауап іздеген Премьер-министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев пен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов Нұр-Сұлтан қаласындағы халықты жұмыспен қамту орталығында және аудандық әкімдіктердің жұмыспен қамту бөлімдеріне барды. Бұл жерде жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін құжаттарды қабылдау барысымен танысты.

Премьер-министрдің орынбасары және министр бірінші кезекте «бір терезе» қағидаты негізінде 70–тен астам қызмет түрін ұсынатын «Жанұя» отбасылық қолдау орталығына бас сұқты. Ал халықты жұмыспен қамту орталығы мен аудандық әкімдіктерде жұмыспен қамту бөлімдерімен танысып, мемлекет басшысының тапсырмасы қалай орындалып жатқанын көзбен көрді. Б.Сапарбаев кездесу барысында: «Азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) және көпбалалы отбасыларға

жәрдемақы тағайындау ережелерін түсіндіру үшін барынша қолайлы жағдай жасау керек. Егер қосымша сұрақтар туындаса, басқа мемлекеттік органдардан мамандарды тарту және сол жерде осы мәселелерді шешу қажет», — деді. «Жанұя» және халықты жұмыспен қамту орталығы мен жұмыспен қамту бөлімдерінің мамандары құжаттарды қабылдау әдеттегідей жүріп жатқанын айтты. Тұрғындар тарапынан ешқандай шағым жоқ. Жергілікті атқарушы орындардың ақпаратына қарағанда, еліміздің өңірлерінде де халықты жұмыспен қамту орталығында атаулы әлеуметтік көмекті ресімдеуге ниет білдірген азаматтардың көптігі байқалмайды. Бұл тұрғыда еңбек және

желтоқсан айында елдің барлық аймақтарында атаулы әлеуметтік көмек төлемдері алдын ала жүзеге асырылды. Оны азаматтар қаңтарда алуы тиіс. Осы айда адамдар құжаттарды оңай тапсыра алады. АӘК тағайындау ережелеріне сәйкес келетіндердің барлығына қаңтар және ақпан айлары үшін төлем төленеді», — деді. Сонымер қатар, Б.Сапарбаев халыққа қызмет көрсету орталығына да барып, мамандардың жұртшылықпен жұмыс істеу тәсілін бақылады. Осы жерде айта кетерлік жағдай, елімізде 1 қаңтардан бастап әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдері енгізілді. Олар — атаулы әлеуметтік көмекті әр тоқсан сайын тағайындау; АӘК тағайындаудың бұрын қолданыстағы шекті өлшемін сақтау — отбасының әр мүшесіне шаққандағы орташа кіріс күнкөріс деңгейінің 70%-ынан кем болуы керек; отбасының барлық мүшелері үшін АӘК мөлшерін жан басына шаққандағы



Пікір Бүгінде журналистикада титтей де жетістікке жетсем, ақ параққа шама-шарқымша бірнәрселерді шимайлап жүрсем, мамандығым адалдық сақтап, адамдықтың не өкенін ұғынсам, ол – Jас qazaq-тың арқасы.



...2008 жылы әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түстім. Ал сол оқығанымызды іс-тәжірибе жүзінде байқап көру үшін жазғы демалыста БАҚ-на жіберді. Мен сол кезде «Jас qazaq» ұлттық апталығын тандадым. Расында, ұлттық апталық ұстыны биік газет екен. Жазармандарының қатарында кілең «сен тұр, мен атайын» дейтін сайыпқыран сақа журналистер, олардың ішінде газеттің Бас редакторы, Қазақстан Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының иегері Срайыл Смайыл бастаған салалық журналистиканы «шағатын» танымал журналистер Даулетхан Жиенқұлов, Гүлзат Нұрмолдақызы, Токтар Жақашов, Оразәлі Баймұратов, Ерлан Әбдірұлы, Ағабек Қонарбайұлы, Жарас Кемелжан, Өркен Кенжебек, Елдос Өмірзақұлы сияқты аға-әпкелерімнің әрқайсынан көп нәрсе үйрендім. 1-курстағы өндірістік тәжірибеден кейін макала жаздық. Қазір қарап тұрсам, сол кездегі болмашы материалдарымызға редакция қаламақы төлеп, бізді жазуға ынталандырған екен-ау!.. 4-курсты бітіріп, диплом колға тигеннен кейін сүйікті газетіме ресми түрде жұмысқа орналастым.

Студенттердің арасында «Jас qazaq»-қа жазады екен дейтін мақтаныш сезімі кернеп, кеудемізді көтерінікіреп жүретініміз бар еді. Есімде, алғаш Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірін зерттеп, Алматыдағы ұрпақтарымен тілдесіп, тарихшы Мәмбет Қойгелдиевпен сұхбаттасып «Тынышбаевтар тағдыры» деген журналистік зерттеу жариялап едік. Тарих пен руханиятқа қызығатынымызды байқаған болуы керек. Срайыл аға апталық лездемеде нөмірге макаламыз шықса, мақтап, абыройымызды арттырып қоятын. Бірақ бұл газетке ұзын-сонар, мазмұнсыз материалдарың «өтпейді». Аз болса да саз қылып, дизайнын «ойнатып» шығаруың керек. Мақаланың мәтіні көп болып кетіп, бет «құбылмай» қалып, «кірпішке» ұқсап қалса, редактордан «құрт, кірпішінді!» деген сөз естисін. Сонда компьютер орталығының сол жылдардағы жетекшісі Елубек Базарбеков сол «кірпіштердің» өзін әдемі етіп құрастырып, төп-тәуір бет шығаратын еді.

Осы орайда, аталған газеттің бір ерекшелігін атап өтпеске болмайды. Бүгінде қазақ газеттерінің ішінде дизайн жағынан, оқырманға ұғынықты формада беру, газет жанрларының түрлі пішіндерін қолдану жағынан «Jас qazaq»-тың алдына түсетіні жоқ-ау, сірә?! Мәселен, «Антитеза», «1+1», «368 сағат», «Қазақы REALISM», «FotoШОК», «Әлеумет. t°», «Аптаның бес мысқалы», «on the web jasqazaq.kz» айдарларын бей-жай оқу мүмкін емес. Салмақты газетте ағылшын атауларының көрініс табуы Елбасы айтып жүрген «Прагматизмнің» айқын үлгісі дерсіз.

Иә, басылым бетінде мазмұнды, сараптамалық, тұшымды, салмақты материалдар өте көп кездесетін, әлі де солай. «Сараптамасыз газет — газет емес» деген марқұм Кенес ағаның (*Исмаилов*) сөзі бар еді. Ал «Jас qazaq»-та апта сайын, бір емес, бірнеше сараптама, ойтолғамды оқи аласыз. Қазірде күнгейдегі «Шымкент келбеті» қоғамдық-саяси газетінің тілшісі қызметін атқара жүріп, «Jас qazaq» ұлттық апталығының мектебінен өткенімді мақтан тұтамын. Ондағы тәтті кездерді ұдайы сағынышпен еске алып отырамын. Басылым ұжымын, оқырмандарын газеттің 15 жылдық төл мерекесімен құттықтағым келеді. Жылдар белесінде оқырмандарының жылы ілтипатына бөленіп келе жатқан басылымға, редакция ұжымы мен тілші-авторларына жетістік тілеймін.

Мөдлір **КЕНЖЕБАЙ**

ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАНДЫ, КЕЗЕК ЖОҚ



МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ:

4 балаға – **42 496 теңге**
5 балаға – **53 127 теңге**
6 балаға – **63 757 теңге;**
7 және одан да көп балаға – **74 388 теңге төленеді.**

халықты әлеуметтік қорғау министрі: «Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға өтініш білдірген азаматтар жаңа жылдық мерекелерден кейін жұмыспен қамту орталықтарында құжат тапсыруға және кезекке тұруға уақыт жетпейді деп аландамауы қажет. Өткен жылдың

кіріс пен кедейлік шегінің арасындағы айырма ретінде анықтау; учаскелік комиссиялардың осы процестегі рөлін арттырумен отбасының материалдық жағдайына зерттеу жүргізу мерзімін 3 күннен 7 күнге дейін ұлғайту.

Сондай-ақ, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары кепілдік берілген әлеуметтік топтамаға ие болады. Сонымен, 1 жастан 6 жасқа дейінгі табысы аз отбасылардың балалары азық-түлік жиынтығымен және гигиеналық құралдармен, 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мектептерде ыстық тамақпен, оқу құралдарымен және мектеп киімдерімен қамтамасыз етіледі. Оларға мектепке дейінгі жол шығыны өтеледі.

Медициналық, оның ішінде стоматологиялық көмек 18 жасқа дейінгі балаларға тегін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шенберінде көрсетіледі.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Сұхбат

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК – ӘЛСІЗДЕРГЕ ДЕМЕУ

Елімізде 1 қаңтардан бастап әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілі енгізілді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері бұл тұрғыда көпшіліктің көңілінен шығатын жұмыстар жүргізілгенін, соған орай атаулы әлеуметтік көмекті әділетті бөлу қамтамасыз етілгенін хабарлады. Тіпті жәрдемақының кімдерге берілетіні туралы жарияланып жатқан нақты ақпараттар да аз емес. Бұл тұрғыда екі миллионға жуық тұрғыны бар Алматы қаласында қандай жұмыстар жүргізіліп келеді? Осы сөкілді түйінді сауалдарды біз қала әкімдігі жанындағы әлеуметтік әл-ауқат басқармасының отбасылық әл-ауқат бөлімінің бас маманы Рустем Исмайыловқа қойған едік.



Jas qazaq: Биылғы атаулы әлеуметтік көмектің жаңа үлгісі туралы не айтар едіңіз?
Р.Исмайылов: 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі — АӘК) тағайындау мен төлеу тетігінің жаңа форматы енгізілгені бәрімізге белгілі. АӘК ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан (*Алматы қаласы бойынша 2020 жылдың 1 тоқсанына — 23 633 теңге*) аспайтын аз қамтылған отбасыларға тағайындалады. Көмек мөлшері бұрынғыдай аз қамтылған отбасының әрбір мүшесіне жан басына шаққандағы орташа табыс пен ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-ы арасындағы айырмашылықты құрайды. Бұл ретте еңбекке қабілетті азаматтарға қойылатын талаптар күшейтілгенін тағы бір рет айта кеткеніміз жөн. Жұмысқа орналастырудан өз еркімен бас тартқан жағдайда

отбасының барлық мүшелері атаулы әлеуметтік көмек алу құқынан айырылады. Сонымен қатар, бала күтімімен айналысатын азаматтардың мүмкіндігі 7 жастан 3 жасқа дейін төмендетілді. Отбасының жан басына шаққандағы табысын есептеу кезінде көп балалы отбасыларға төленетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы есептеледі. **Jas qazaq:** Тұрғындардың құжат тапсыру мәселесі мен атаулы әлеуметтік көмек алудың халыққа түсіндірілуі қалай жүзеге асырылуда?
Р.Исмайылов: Тұрғындар арасында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жан-жақты жүргізу мақсатында қала әкімінің орынбасары атаулы әлеуметтік көмектің жаңа тәсілдері бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу жөнінде медиа-жоспар бекіткен. Соған сәйкес қаланың 8 ауданында АӘК жаңа тәсілдерін түсіндіру бойынша насихат жұмыстары аяқталды. Алматы қаласы әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысының, орынбасарының, аудан әкімі орынбасарларының қатысуымен түрлі кездесу ұйымдастырылды. Ел-жұрт көп шоғырланған орындарда (қоғамдық көлік, метро, ХККО, халықты жұмыспен қамту орталығы және т.б.) АӘК жаңа тәсілдері туралы 30 секундтық бейнероликтер көрсетілді. Телеарналарда сұхбат беріліп, газеттер мен интернет порталдарда мақалалар жариялау жалғасуда. **Jas qazaq:** Алматыда атаулы әлеуметтік көмекті қанша отбасы алады?
Р.Исмайылов: Қазір аудандық әлеуметтік әл-ауқат бөлімдерінде өтініш қабылдау жұмыстары кесте бойынша жүргізілуде. 8 ауданының әлеуметтік әл-ауқат бөлімдері алдағы уақытта атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының нақты санын жариялайтын болады. Бүгінгі күні 1779 адамға кеңес беріліп, 283 өтініш қабылданды. Аталған бағыт бойынша жұмыстар жалғасуда. Ең басты мәселе — кезек екені анық. Алайда тұрғындардың тиісті орындарда сағаттап кезекте тұруы деген жок. Мұның өзі алдын ала жүргізілген жұмыстарымыздың жемісі деуге болады. **Jas qazaq:** Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан **Макпал НОҒАЙБАЙ**

Геосаясат

АҚШ пен Иран арасындағы көп жылдарға созылған екіжақты текетірес соңғы кездері қатты ушығып кетті. Тіпті кейбір сарапшылар Таяу Шығыс аймағы үлкен соғыстың алдында тұр және бұл аймаққа орасан зор зиян тигізеді деген де болжам жасауда.

Айта кетсек, 3 қаңтар күні АҚШ президенті Дональд Трамптың бұйрығы бойынша Бағдат қаласы маңындағы халықаралық әуежайға жақын жерде автокөлік керуеніне бағытталған зымыран шабуылының нәтижесінде Ислам революциясы күзеті корпусы (ИРКК) «Құдыс» арнайы жасағының қолбасшысы генерал Қасым Сүлеймани өлтірілді. Сонымен қатар, Ирақтың бірқатар белгілі саясаткерлері мен әскерилері де қаза тапты.



Қасым Сүлеймани Таяу Шығысқа кеңінен танымал тұлға-тұғын. Ол шетелдегі әскери операцияларын ұйымдастыруға жауапты болатын. Генерал осы аймаққа ойран салған ДАИШ ланкестеріне қарсы күреске жетекшілік етті. Өз елінің Сирия мен Ирактағы мүддесін қорғады. Генерал

Мәселенің мәні

(Басы 1-бетте)

Ислам ЖЕМЕНЕЙ:

«ОЙНАСА» ДА, ОЙЛАНЫП ОЙНАЙДЫ»

Оның да саяси салмағы Ирак, Йемен, Ливия сияқты мемлекеттерде осы қырық жылда нығайып алды. Сонда қалай? Екеуі де бір-біріне жау ел. Жау елдер қалай ықпалын күшейтіп алды? Бірінің ықпалы артса, біреуінікі төмендеуі керек еді ғой. Ал бұлардың екеуі де үстем. Неге бұлай? Мұны да саясаттанушылар ойлансын! Қасым Сүлейманидің өлімі де келісілген ойын. Оны айтсақ, әңгіме басқа арнаға бұрылып кетеді...

Тағы бір мәселе — осы қырық жылдың ішінде Ирак пен Сириядан миллионға жуық адам босқынға айналды. Миллионға жуық адам қаза тапты. Ауғанстанда да солай. Таяу Шығыста да, Ауғанстанда да алауыздық өршіп тұр. Ирак, Сирия, Ауғанстан елдерінің аты бар, бірақ өзін өзі басқарып отырған жоқ. Оларды сыртқы күштер билеуде. Сондықтан, соғыс болмайды. Билеуші үстем елдердің ұпайы түгел. Олардікі ойын.

Jas qazaq: АҚШ — Иран текетіресіне басқа державалар араласа ма? Мәселен, Қытай мен Ресей.

И.Жеменей: Жок. Ешкім араласпайды. АҚШ нарығында Қытайдың қаншама қаражаты, инвестициясы бар? Керісінше, Қытай нарығында да солай. Ресей Таяу Шығыста Сирияға ғана араласа алды. Қытайдың құрығы Таяу Шығысқа жеткен жоқ. Олар Шығыспен айналысуда. Сондықтан, Қытай да, Ресей де сырттай тамашалайды. АҚШ пен Иранның соғыспайтынын біледі...

Егер соғыс болды дейік. Ондай жағдайда Иран Америкаға шабуыл жасай алмайды. АҚШ мұхиттың арғы бетінде. Географиялық жағынан тиімсіз. Бірақ Иранның шамасы Израилді әлсіретуге жетеді. Сол аумақтағы Араб елдерінің күшін арттыруға да қауқарлы. Өйткені, Таяу Шығыс пен Африкада қаншама мұсылман елдер мұсапір халде. Иран сол отар елдерге идеологиялық тұрғыдан көмектесіп, алпауыт мемлекеттерге қарсы шығуға ұйымдастыру мүмкіндігі капиталынан жетеді. АҚШ-тың сол елдердегі мұнай көздерін



жоя алады. Бұл жағы Америкаға өте қауіпті. АҚШ Иранды қыспаққа алып, шынымен оқтын астына алса, онда Иран қарап жатпайды. «Маған бұйырмаған дүние саған да бұйырмасын!» деп, жастығын ала жатады. Америка байлығын сорып отырған Таяу Шығыстағы мұнай-газ, басқа да байлық көздерін бірнеше зымыранмен жойып жібереді. АҚШ та тәуекелге бармайды. Өз тамырын өзі кеспейді.

Қазақша, түсінікті тілмен айтқанда, Иран — ол Ирак емес, Ауғанстан да емес. Иран — 3 мың тарихы бар үлкен ел. Оны АҚШ жақсы түсінеді. «Ойнаса» да, ойланып «ойнайды». Иран да АҚШ-пен соғысуға мүдделі емес. Өйткені, Америка алпауыт мемлекет. Бұрын «Бүкіл жолдар Римге тірелсе», қазір Нью-Йоркке апаратын.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рақмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

ШЫҒАНАҚТЫ ШАРПИ ЖАЗДАҒАН ЖАЛЫН

Іле-шала Иран генералдың өліміне жауап ретінде АҚШ-тың Ирак пен Сирия аумағындағы нысандарына бағытталған шабуылдың 13 тәсілі қарастырып жатқандығын жеткізді. Алайда нақты нысандар көрсетілмеді. Иран Ұлттық қауіпсіздік жоғары кеңесінің төрағасы Әли Шамханидің мәлімдемесіне жүгінесек, ең әлсіз шабуылдың өзі «Америка үшін тарихи қорқыныш» болмақ. Қазіргі уақытта Иракта — 5200, Сирияда — 800 американ әскері бар.

Сонымен қатар, Иран парламенті Пентагон мен АҚШ армиясын ланкестік ұйымдар қатарына жатқызатын заң жобасын бірауыздан қабылдады. Осыдан кейін ИРКК құрамына кіретін «Құдыс» арнайы жасағын күшейту мақсатында ел үкіметін Ұлттық даму қорынан 200 млн еуро бөлуге міндеттеді. Ақ үй кожайыны Д.Трамп та өзінің қол қусырып отырмайтынын, Тегран тарапынан шабуыл орын алған жағдайда АҚШ әскерилері Иранның 52 нысанына соққы жасайтындығын әрі бұлардың кейбірінің стратегиялық маңызы бар екенін ескертті. Алайда ол да қарауылға қандай нысанның ілігітінін ашып айтпады. Оның үстіне, оның ресми жоспар екендігі де белгісіз.

Ресми Тегран 7 қаңтар күні Ислам революциясын қорғау корпусының Сүлеймани үшін «өш алу» операциясын бастағанын жария етті. Иран «Жер-Жер» санатына жататын зымырандарымен Ирактың батысындағы Айн-әл-Асад әуе базасын және Ербилдегі әскери нысанды соққы астына алды. Иран ақпарат құралдары 80 жауынгердің қаза тауып, 200 адамның жараланғаны жөнінде хабар таратты. Сонымен қатар 15 зымыран әуе базасындағы маңызды 20 нысанның көзін жойып, бірнеше тікұшақты өртеп жіберген. Тегран АҚШ-тың осы аймақтағы 104 нысанын соққы жасайтын нысан ретінде белгілеп, ендігі жерде Вашингтон тарапынан Иран қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда аяусыз соққы беруге дайын екенін мәлімдеді. Сонымен қатар, Тегранға қарсы ниеттегі Американың одақтастары да шабуылға ұшырайтынын ескертті. Әрине, мұның ең алдымен осы өңірдегі ежелгі қарсыласы Израильге



қаратыла айтылған ескерту екені белгілі.

ИРКК қолбасшысының арнайы операция жүргізуге жауапты орынбасары Нилфурушан зымырандардың «азапталушы Сүлеймани» деп аталған операция шеңберінде жүргізіліп, діттеген жеріне түскенін толық атап өтті. Ол аймақтағы мемлекеттерге Американың мүддесін қорғаймыз деп, өз қауіпсіздігіне қатер төндірмеу жөнінде кеңес берді. Мәлімдемеде, сондай-ақ, генерал өліміне яһуди мемлекеті арнайы қызметінің қатысы бары-жоғы төңірегінде жіті тексеру жүргізіліп жатқанын да айтты.

Ал Израиль премьер-министрі Бениамин Нетанияху президент Д.Трампын генерал Қасым Сүлейманидің көзін жою туралы шешімін толық қолдайтынын әрі кімде-кім оның мемлекетіне қарсы шабуыл жасайтын болса, жойқын соққыға ұшырайтынын мәлімдеді.

Қазіргі уақытта АҚШ әскери әуе күштерінің іс-қимылын жандандырып жатқаны туралы жиі айтылуда. Американдықтар Ирактағы Айн-әл-Асад әуе базасында стратегиялық әуежай немесе В-52 алып бомбалаушы ұшақтарға арналған арнайы ұшып-қону алаңын салып жатыр. Сонымен қатар, Вашингтон Иранға соққы беру мақсатында өлгі ұшақтарын Луизианадағы әскери базадан Үнді мұхитындағы Диего-Гарсия аралына жіберіп жатыр деген де мәлімет бар.

Осы арада АҚШ пен Иран арасында, тіпті, бүкіл Таяу Шығыстағы шиеленісті ушықтыруға себеп болған Сүлейманидің өлімі мен генералдың жеке тұлғасына қатысты бірқатар дерекке тоқтала кетсек. Ислам революциясы корпусының «Құдыс» арнайы жасағының қолбасшысы

Иранның рухани көсемі аятолла Әли Хаменеиден тікелей бұйрық алып отырған.

Генералдың елдегі мәртебесі де жоғары еді. Ол лауазымы жағынан рухани көсем аятолла Әли Хаменеи мен президент Хасан

Роуханиден кейін тұрған беделді тұлға еді. Тіпті, 2017 жылы атақты «Тайм» журналының есебі бойынша, әлемдегі ең ықпалды 100 адамның қатарына енді. Сүлеймани 1957 жылы Керман провинциясында кедей шаруа отбасында дүниеге келді. Жастайынан безбүйрек қоғамның қаталдығын сезіп, сол кезде билік құрған Пехлеви әулеті мен оны жан-жақты қолдаған Америкаға дұшпандық ниетін жасырмайтын. Тегран ол кезде Батыстық бағытта саясат ұстанған мемлекет еді. Бастауыш мектепте білім алған Сүлеймани қоғамды қайта құруды діннің ықпалын жете түсінген Хоменинді құрмет тұтады. Сөйтіп, 1979 жылғы

операциялардың жүргізілуіне мұрындық болды.

Сарапшыларға жүгінесек, АҚШ Таяу Шығыста «Иран қаупі» деген дабыраны күшейте отырып, араб мемлекеттерін үрей құшағында ұстау арқылы аймақтағы тепе-теңдікті уыстан шығармауды көздейді. Аталған жоспар Вашингтонның Таяу Шығыстағы ұзақ мерзімге бағытталған стратегияларының бірі болып табылады. Себебі, Иран жеңілген жағдайда Парсы шығанағындағы мұнайға бай араб елдеріне Американың көмегі керек болмай, оның бұл өңірдегі ықпалы күрт әлсірейді. Сондықтан, Тегран мен Вашингтон бір-біріне қарата жасалған қатқыл мәлімдемелермен шектеліп, аймақта үлкен соғыстың басталуына жол бермейді.

АҚШ президентінің сәрсенбі күнгі мәлімдемесі осы пікірді дәлелдегендей. Трамп соғыс емес, әдеттегідей санкция жариялады. Сондай-ақ, Иран билігі де Ирактағы әскери базаларға соққы беріп, генерал Сүлейманидің өлімі үшін өш алынғанын мәлімдеді. Осылайша, Парсы Шығанағын шарпи жаздаған жалынның беті қайтқан сықалды.

Ернұр КЕНЖЕБАЙ,
шолушы

ФОТОШОК

ИРАН. УКРАИНА ҰШАҒЫ ҚҰЛАДЫ





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

KÓKEIKESTI

www.jasqazaq.kz

Қылмыс

Семей қаласында 19 жастағы жас жігіт азаматтық некедегі әйелінің қаршадай қызын қарайлап үйде отырған. Ішімдіктен ұрттап алған ол ойнағысы келіп мазасын алған балаға түксиіп «мазамды алмай ары кет!» деп ақырады. Бейкүнә балғынға мінезі шөлкес ер адамның есерсоқтанғаны сонша, оның бас тұсынан жұдырығымен аямай ұрып жіберген. Бұл аздай, есірік судан өлірген дойыр ботадай боздаған 5 жасар қызды шашынан алып, басын қабырғаға 27 рет соғады. Ауыр дәрежедегі дене жарақатын алған бала бірден сол жерде жантөсілім еткен. Мәпелеп өсірген жалғыз перзентінен айырылып, көз жасын көл еткен ана бауыр еті баласын енді қайтып көре алмайтынына өлі күнге дейін сене алар емес... Адам жанын түршіктіріп, өне-бойды мұздататын бұл оқиғаның бүге-шүгесі Шығыс Қазақстан облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының іс-материалдарында баяндалған.

Ырық бермес паң дүние-ай! Шыр айналған мына бескүндік жалғанда қанша адам болса, сонша тағдыр бар. Кейбір жандардың көрген бейнетін, тартқан тауқыметін тіс қаққан сыралғы дұшпаныңа да тілемессін... Осындай жантүршігерлік оқиғаға тап болып, алты батпан азапқа түскен семейлік әйелдің тағдыры әркімнің жүрегін елжіретіп жіберері анық. Күнсұлу Қадылбекова (*аты-жөні өзгертілген*) 3 рет тұрмысқа шықса да, әйел бақытын таба алмады. Үш жолдасымен де дәм-тұзы жараспады. Күнсұлу соңғы күйеуінен туған қызын көңіліне медеу етті. Кішкентай Аружан ол үшін өмірдің мәніне, тіршіліктің сәніне айналды. Бірде 36 жастағы әйел өзінен 17 жас кіші Аманжол есімді жас жігітпен танысқан. Семейлік ер адам Күнсұлуға ғашық болып қалып, өз сезімін білдіреді.



— Аружанның әкесіз өскенін қаламадым. Бірақ жас аралығына байланысты Аманжолмен отбасын құрғым келмеді. Сондықтан оның ұсынысына «жоқ» деп жауап қайтардым. Бірақ, бұған көнбеген Аманжол «Өзіңмен бірге болмасам өлемін» деп жылады. Сөйтіп, ол екеуіміз азаматтық некеде тұра бастадық, — дейді Күнсұлу Қадылбекова. Осылайша екеуі Аружанды алып Семей қаласының Уәлиханов көшесіндегі Аманжолдың апайына тиесілі пәтерде тұрып жатты. Әуел баста бәрі жақсы болғанымен, уақыт өте келе тұрақты жұмыс орны болмаған 19 жастағы жігіт

шақар мінезін көрсете бастаған. Оның үстіне, 5 жасар Аружан шалдыққан өкпенің қабынуы дерті де Күнсұлудың санасына сары уайым торлатты. — Аманжол арақ ішіп алса қызымның үйде жүргенін ұнатпайтын, — дейді әйел. — Сол үшін ашуға булығып, жанжал шығаратыны бар еді. Бір күні тіпті ащы судан ұрттап алған ол қызымды шапалакпен тартып жіберді. Мұны көргенде өне-бойымды ыза кернеп, оған қатты ұрыстым. Аманжол ішімдік ішсе мүлде басқа адамға айналып, өзінің не істеп, не қойғанын білмей кетеді. Осы оқиғадан кейін бір апта өткенде Күнсұлу таңертең ерте тұрып әдеттегідей жұмысына қарай бет алған. Шұғаев көшесінде орналасқан сауда үйлерінің біріндегі дәмханада аспазшының көмекшісі болып

Бейкүнә балакайды аяуды білмеген жауыз Аружан мерт болғанда ғана ұруын тоқтатады. — Қылмыстық іс бойынша жүргізілген сот-медициналық сараптама жұмыстарының қорытындысына сәйкес, бас сүйегінің маңдай-шеке сүйектері сынып, бас миының екі шеке деңгейлеріне қан құйылған жәбірленуші алған сокқылардан сол жерде қайтыс болған, — делінген Шығыс Қазақстан облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының іс материалдарында. Жылаған баланың дауысын естіген көрші бірден сол пәтерге жүгіріп келеді. Оны байқап қалған Аманжол «Аружанды біреу өлтіріп кетіпті» деп өтірік айтқан. — Жатын бөлмеге кіргенімде еденге қан-жоса болып

АРАҚТАН КЕЛГЕН АЙҰАНДЫҚ

жұмыс істейтін ол қызын өзімен бірге ерте шыққан. Сағат 14.00-де сол жерге келген Аманжол одан пәтердің кілтін сұрайды. Азаматтық некедегі жұбайына кілтті берген әйел «Аружанды да үйге ала кетші» дейді. — Кішкентай қызым Аманжолмен бірге барғысы келмеді. Бірақ, сол күні жұмыстағы бастығымның туған күні болғандықтан баламды күйеуіммен бірге қоя бердім. Аманжолдан Аружанды дұрыстап қарауын сұрадым. Бұның арты осындай сұмдыққа апарып соғатынын қайдан білейін? — дейді Күнсұлу. Үйге қарай бара жатқан ер адам жол бойындағы дүкендердің біріне кіріп, екі бөтелке сыра сатып алады. Үйге келгенде кішкентай қызға сәл де болсын зейін салғанның орнына әкелген сырасын ішіп отырған жас жігіт, ішімдігі таусылғанда қайтадан дүкенге баралы. Бұл жолы қызуы күшті «Парламент» арағын алған. Бойында өкпенің қабынуы сырқаты бар Аружан мазасызданып, Аманжолдан



кимылсыз жатқан баланы көрдім, — деп көрші азамат сот отырысында куәлік етті. — Бөлме ішінің астан-кестені шығып жатты. Лезде полиция мен «Жедел жәрдемге» қонырау шалдым. 15 минуттан кейін келіп жеткен тәртіп сақшылары масайып жүрген жас жігітті алып кетті.

Біз Шығыс Қазақстан облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына хабарласқанымызда, мамандар Аманжол Қоңырбаев Қылмыстық кодекстің 99-бабы, 2-бөлігінің



Пікір

Әдетте, адам жаңа жасқа шығарда өзіне есеп беріп жатады ғой. Сол сияқты, жеке адами тұрғыдан қарағанда, өткен жылға мөнің еш өкпем жоқ. Тіпті өкпелеуге де құқым жоқ. Өйткені, ер секунд, минут, атқан таң, батқан күн бір Алланың бұйрығымен болып жатқан құбылыс. Сол құбылыстың ортасында аман-сау жүріп жатқанымыздың өзі бір ғанибет!



ӘР КҮНІМЕ ШҮКІРЛІК

Былтыр ел өмірінде ерекше оқиға орын алды. Тәуелсіздік жылдарында тұңғыш рет елімізде Президент ауысты. Қасым-Жомарт Тоқаев ел басына жанашылдықпен келді. Қазір елімізде әлеуметтік саясатты жақсарту мәселесі жан-жақты қолға алынып жатыр. Елімізде биліктің бейбіт жолмен ауысуы — шыны керек, шүкір етерлік ерекше мәртебе. Жеке басыма келсем, өткен жылы отбасымыздың көз қуанышы, тұла бойы тұңғышымыз Әлішер Болат бірінші сыныпқа барды. Өмірге жаңа келгендегі бір көзін ашып, бір көзін жұмып жатқан сәті күні кеше сияқты еді. Алғаш еңбектегені, апыл-тапыл аяғын басып жүргені, ең алғаш сөйлеген сөзі... осынау тәп-тәтті сәттерге тоймай жүргеніміз күндеріміз... Оған да алты жыл өтіпті. Ұлым қазір жауапкершілікті сезініп, мектепке ынтамен барып жүр. Бұған қоса, Атырау облыстық су спорты командасына мүшелікке қабылданып, алғашқы қалалық жарысқа да қатысты. 25 метрді 37 м/секундта жүзіп өтті... Бар болғаны екі ай дайындықтан өткен жігітке жаман көрсеткіш емес... Әлем чемпионы Дмитрий Баландиннің доладағы жарысын үзбей қарайды. Бір күні «Балапан» арнасынан «Чемпион» бағдарламасын көрген ұлым, «мама, мені де ертең осылай түсіреді ғой» дейді. Періште ғой, әмин...

Шығармашылық тұрғыдан келсем, өзім күтпеген тосын сый мені күтті осы жылы. Бір күні JAS qazaq басылымынан Кәмшат әпкем хабарласып тұр. «Баян, тезірек мекен-жайынды индексімен жазып жіберіңізші» дейді. «Не үшін?» деймін ғой. «Төсбелгінді салып жіберуім керек еді» деген жауапты естігенде, қобалжып қалдым. Анау-мынау емес, «Қазақстан Республикасының Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін алпысыншы болып мен алыппын. Әрине, қуанышты жағдай. Бірақ «осынша құрметті атаққа лайықпын ба?» деген ой бәрібір қолға қалам алған сайын келеді де тұрады екен. JAS qazaq! Атауының өзі елең еткізетін осы газетке Атыраудан анда-санда болса да жазып келе жатқанымға қуанамын. Мен үшін бұл — үлкен мәртебе. Себебі JAS qazaq 15 жылда өзін мойындатып тастаған мазмұны атауына сай айрықша газет. Бүгінгінің барлық талаптарына толықтай жауап беріп отырған газеттің Бас редакторы Срайыл Смайыл ағамызға шын жүректен алғыс айтамын. Рахмет! Бар болыңыздар! Жаңа жыл жақсылыққа толы болсын!

Талғатжан
МҰХАМАДИЕВ,
Шығыс Қазақстан облысы

Баян
ЖАНҰЗАКОВА

Қазақтың көрнекті азаматы Дінмұхамед Қонаев отыз жылдан астам уақыт елге адал қызмет еткен тұлға. Ол кісінің көзін көргендер аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің адалдығы, тұрашылдығы төңірегінде тамсана әңгімелейді. Кезінде академик Бақтияр Сманов ағамыз да Дінмұхамед Ахметұлымен жүздесіп, ой бөліскен. Бүгін біз ғалымның сол кездесуден алған әсері туралы естелігін жариялап отырмыз.

1990 жылдың ақпан айының басы болатын. Ол кезде білім министрі Шайсұлтан Шаяхметовтың кеңесшісі едім. Бір күні әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанынан «Қазақ университеті» атты баспа ашылып, оған директорлыққа танымал қаламгер Серік Әбдірайымұлы тағайындалатын болды. Ол кісі министрліктің алқа мәжілісіне шақырылды. Сонда кездесіп қалып, ұлы тұлға Д.Қонаев туралы «Жел биік ағашты тербейді» атты макаласын оқығанымды айтып, жылы лебіз білдірдім. Сөз арасында: «Сол кісіге бара жатыр едім» деді. «Аға, ыңғайсыз болмаса мені де ерте барсаңыз кайтеді, сәлем



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

TULGA



www.jasqazaq.kz

бас қосатын алқалы жиындар, фестивальдар мен симпозиумдар бұрында Ташкентте өтіп жүрсе, соңғы жылдары Алматыда жиі өтетін болып еліміз алдыңғы қатарға шықты.

Димекен әйгілі киногоер

Ш.Аймановпен де аралас-құралас болғанын айтып, «Қыз Жібек», «Атаманның акыры», «Құлагер» көркем фильмдері туралы тарихи мәліметтер келтірді.

— Мұныыз дұрыс, аға, ел мұндай сырлы әңгімелердің бәрін сіздің аузыңыздан естігісі келеді ғой, — деді Секен.

Үлкен кісі қағаздарының ішінен бір бет қағазды тауып алды да үңіліп тұрып: «Хрущев өз почеркімді өзім танымай қаламын деп айтатын еді. Сол секілді мен де өз қолымды өзім танымай қалатын болып бара жатырмын кейде», — деп бізді бір күлдірді.

...Сосын Димаш Ахметұлы жазып жатқан еңбегіндегі келесі бір кейіпкері — екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алған, әйгілі шопан Жазылбек Қуанышбаев жайында әңгімеледі. Атақты шопанның қартайғанда көрген ұлдары — Қойшыбай мен Тойшыбай

туралы, ол екеуін мал дәрігерлік институтқа оқуға қабылдатқанын айтты.

Дінмұхаммед Ахметұлы Брежнев, Андропов, Горбачев сынды СОКП Орталық комитетінің бұрынғы басшылары жайлы әрқайсысына тоқтала келді де, соңғысына келгенде менің қолымдағы репортерімді иегімен нұсқап: «Сен анауынды өшіріп қойшы, мен оны перестройка-серестройкасымен коса ішін бір кептіріп алайын... Во-от... Кептіргенде былай ететінім бар», — деп қойып әрі қарай баяндап кетті.

Содан қайта құру кезеңіндегі орын алған кемшіліктерді кітап

қолжазбасынан дауыстап толық оқып шықты.

Одан әлгі қалдыбас қайраткерді Мәскеуге сонау Ставрополь өлкесінен Андропов

әкелгенін, оны Саяси бюроға мүшелікке өткізетін мәжілісте Димекенмен бірге Мәскеудің қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы В.В.Гришин, Украина Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы В.В.Шербицкий

үшеуі оған қарсы болғандығын, кейіннен ол өзі билік басына келгенде аталған үш басшыны да орнынан босатып, кегін алғанын айтты. Алайда, әлгі жаңа болған бірінші хатшының сөзінде де, ісінде де береке жоктығын, қылған тірлігінің бөтасыздығын, оны алда әлі уақыт көрсететінін, елдің тоз-тозын шығаратынын жеткізді. Кейіннен сол сабаздың атағы жер жарған Кеңес мемлекетінің тұлалақайын шығарып, алып империяның тарауына себепші болғанын көргенімізде, шындығында да «Димекен әулие адам екен-ау» деген ойға келгеніміз рас. Мұны ол кісінің оқығаны мен тоқығанының, көргені мен білгенінің, өмірлік мол тәжірибесінің нәтижесі демексе ылажың жоқ.

Бір кезде Секен Димекеннің шыққан тегі жайлы кітапта «Жігіттің үш жұрты болады» демекші, нағашы жұрты жөнінде таратып жазу керектігін есіне салды:

...Мұндайды менің әкем Ахмет жақсы таркататын, ол кісіні мені болғаннан кейін Менліахмет деп атап кеткен. Өзі мұсылманша сауат ашқан, орысшаға да жүйрік еді. Мына пәлкідегі өтініш сол кісінің қолымен жазылған. Менің алдымда Нұрмұхаммед атты ағам болған. Соны мына Верный гимназиясына оқуға бергендегі әкемнің жазған өтініші. Ол кісі Атымтай Қисанұлымен қатар (*1906 жылы туған*), үзенгі жолдас еді. Жастай өмірден өтті. Ал кейін сол арыстардың тіпті атын атау қиын болды. Соңынан әйтеуір ақтады ғой. Дегенмен мұндай жауыздықты өмірбақи жауып тастау, бүркемелеу, халықтан жасыру немесе ел жадынан шығару еш мүмкін емес. Шындық айтылмай қоймайды ғой, бәрібір шығар еді.

— Тұрар Рысқұловпен кездестіңіз бе?
— Талай көрдім ол кісіні, әйелі Әзизаны да білемін. Шешесі Ғарифа төтені де көрдім. Олардың бәрін тұқым-тұқымымен білемін.

Онан әңгіме тағы да кітап қолжазбасына ойысып, әлем саясаткерлері мен алпауыт

жұмысына қатысты кітаптар екен. Жайғасып отырған соң жөн сұрастық, Секен мені таныстырды. Туған жерім қазіргі Өзбекстанның Бостандық ауданын есіне түсірді. Бостандық ауданы Оңтүстік Қазақстан облысының құрамында болған тұста, 1954 жылдары онда сайлаушылармен кездескенін, ауданның

жері, суы, шаруашылық ерекшеліктерін, тамаша табиғатын, сол кездерде біз біле бермейтін, естімеген жайт — ауданда шай, цитрус өсімдіктерін өсіру қолға алынғанын тамсана әңгімелеп берді.

Димекен өзімен әңгімелесіп отырған адамға жасы көп кіші болса да «ақсақал», «үлкен кісі» деп көпшік қойып сөйлейтін, көтермелеп, өзіне жақын тартып отыратын әдеті екен.

Халық арасында ауызекі тілде Дінмұхаммед Ахметұлын бүкіл қалың елдің, жұрттың әдеттегіше «Үлкен кісі» деп атап кетуі оның бойына байланысты емес, сөйлеу салтынан алынған болар деп ойладым. Өйткені, менің де әңгіме арасындағы қойған сұрақтарыма баласы қатарлы болсам да, «осылай ақсақал», «үлкен кісі, бұл солай болған» деген секілді тұрғыда назар аудартып, сөзін әрмен қарай жалғастырып отырды.

Димекен «Өтті дәурен осылай» атты кітабының қазақша нұсқасымен жұмыс жасап жатқан екен. Арагідік аударма мәтіндерін салыстырып Серік ағамен ақылдасып отырды. Онан соң кітапта есімдері аталған Ілияс Омаров, Төлеген Тәжібаев, Жәжікен Бутин сынды қайраткерлер жайлы мәліметтерді тексеріп шықты.

Осы ретте ол төрт еңбек ардагеріне айрықша тоқталатынын білдірді. Олар — Нұрмолла Алдабергенов, Ыбырай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаев, Смағұл Шабдарбаев еді.

Белгілі суреткер І.Есенберлинмен 1942 жылдан бастап жақсы араласқанын, оның кісілігі жоғары, өте жақсы адам болғанын, жазушы сотталып келгеннен кейін оған қаржылай көмектесіп, қолұшын бергенін, қолдап-қуаттап отырғанын айтты. «Көшпенділер» романы Мәскеуде 100000 таралыммен шыққанда «Сіздің әдебиетке деген, оның ішінде туған әдебиетке деген қамқорлығыңызды жақсы сезінеміз» деп қолтаңба жазып тарту еткенін тілге тиек етті.

Димекеннің тұсында қазақ әдебиеті үлкен абырой-беделге ие болды. Ол кісінің өзі тікелей басшылық жасап, Азия және Африка елдері қаламгерлерінің халықаралық конференциясын өткізуге ұйытқы болды. Ұлы суреткер М.Әуезов жазушылардың ең жоғары марапаты — Лениндік сыйлықты иемденді, Ғ.Мүсірепов «Социалистік Еңбек Ері» атанды, Ә.Нұрпейісов КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды.

Әдебиет пен мәдениет жайлы, Азия құрлығы мен күншығыс елдерінің қаламгерлері мен өнер қайраткерлері

беріп, қолын алайын үлкен кісінің...», — деп жармаса кеттім. Серік аға ақжарқын азамат емес пе, бірден келісе кетті. Содан кешкі сағат бесте баратын болдық. Ол кезде Димекен ұйқамақта отырған еді.

Мен «кажет болып калар» деген оймен Қазақ радиосында көптен қызмет істейтін журналист Кемелбек Шаматайұлының үйінен репортерын алып алдым. Сөйтіп, белгіленген уақытта Төлебаев көшесі мен қазіргі Қарасай батыр көшелерінің қиылысындағы үйдің екінші қабатындағы үлкен кісіні — Димекендей ұлы адамның пәтерінің қоңырауын бастық. Есікті қарияның өзі ашып, «Келіндер, жігіттер, төрлетіндер!» деп ілтипат білдірді. Содан Димекен бізді өзінің қарапайым төрт бөлмелі пәтерінің залын көрсетіп, сонымен жалғас тұрған жұмыс бөлмесіне апарды. Мен көзі тірісінде аңыз адамға айналған жанның қасында отырғанымға сенер-сенбесімді білмеймін, басым айналды ма, әйтеуір, бір түрлі қысылыңқырап отырдым. Бөлменің бір қабырғасындағы сөрелерде тек Құран көрімнің Еуропа мен исламның әр елдеріндегі басылымдары қойылыпты. Үй иесі елу жыл отасқан құдай қосқан қосағы, марқұм Зухра Шәріпқызының тәспі, Құран-көрім сынды діни құндылықтарды қадірлеп ұстағанын ескертті. Сөреден Мысырдың бұрынғы президенті Әнуар Салаттың, Сирия басшысы Хафиз Асадтың сыйға берген, Америкада басылған Құранның түр-түрі ретімен орнын тауыпты. Келесі бір қабырғадағы сөрелерде тек оттықтар (зажигалка) көз тартады. Ал бір қабырға толған Батыс пен Шығыстың классикалық әдебиеттері мен күнделікті шығармашылық

Одан әлгі қалдыбас қайраткерді Мәскеуге сонау Ставрополь өлкесінен Андропов әкелгенін, оны Саяси бюроға мүшелікке өткізетін мәжілісте Димекенмен бірге Мәскеудің қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы В.В.Гришин, Украина Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы В.В.Щербицкий үшеуі оған қарсы болғандығын, кейіннен ол өзі билік басына келгенде аталған үш басшыны да орнынан босатып, кегін алғанын айтты.

елдер басшылары жайлы сөз қозғалды.

Бір кезде қоңырау соғылды. Қолында тұратын жиен қызы Маржан екен. Сағат түнгі 22-ге таяпты. «Ал, жігіттер, уақыт кеш боп кетті. Қазір Мәскеудің «Время» хабары басталады. Қалғанын кейін айтармыз», — деді Димаш аға орнынан тұрып. Біз қоштасарда: — Әнеуқүні, қантардың 12 күні келмедіндер ме, — деді ақсақал. — Туған күнінің ғой. «Кісі

көп болатын шығар» деп ыңғайсыздандық, — деді Секен.

— Сол да сөз бе екен. Келу керек еді. «Аға, туған күніңізге арнап күй тартып берейін бе?», — деп Нұрғиса келді еркелеп. Бибігүл, Роза болды. Біраз адам жиналды.

Біз жылы қоштасып шығып бара жатқанымызда Дінмұхаммед Ахметұлы «Жолда байқандар» деп ескертті. Секен үйіне қайтты. Мен де репортерымды аркалап, Төле би мен Төлебаев көшелерінің қиылысындағы аялдамаға қарай төмендеп, 126-шы автобуска отырдым. Ұлы адамның үйінен шығысымен, көрші үйдің бұрышынан екі жігіт соңынан ерді. Содан олар да төртінші Ақсайдан түсіп, үйіме жеткенше ізіммен жүріп отырды. «Үндеместің» жігіттері болар деп шамаладым. Ертеңіне Секен-мен хабарласқанымда, ол кісі ондайларға еті үйреніп кеткенін айтты.

...Қайран заман, сондай әсерлі, әдемі сәттер де өтті. Бәрі күні кеше ғана болған секілді. Енді, міне, сол кездегі таспаға түсірілген жазулардың сақтаулы жатқанына биыл жиырма тоғыз жыл толыпты. Оларды жарыққа шығаратын кез әлдеқашан келген сынамай. Өйткені, осыдан біраз жыл бұрын Дінмұхаммед Ахметұлының туғанына жүз жыл толып, Елбасының қолдауымен ол кісінің мерейтойы аталып өтілді. Той қарсаңында туған баласындай болып, тәлім-тәрбиесін көрген Амангелді Шабдарбаев кеменгер адамның әруағына арнап ат шаптырып, үлкен ас берді. Қасиетті жанның рухына бағыштап құран оқылды, хатым түсірілді. Бәйгеге темір тұлпарлар тігілді. Үлкен-кіші, мұқым ел болып еске алды. Сонда Димекеннің әруағы бір аунап жатқан шығар деп ойладым.

Шындығында да, алып тау алыстаған сайын биіктей түсетін секілді, ұлы адамдар да жыл өткен сайын кейінгілерге тұғалана



көрінетіндей, ұлылана түсетіндей әсер қалдырады. Қазақтың көрнекті ақыны Жұбан Молдағалиевтің «Сел» атты поэмасындағы Димекен туралы:

*Белгісі беріктіктің қазақта — нар,
Өседі биік, бойлап азат шынар.
Боз қырау күзгі шоптей мынау шаштын,
Өзі үшін ағарғаны аз-ақ шығар, —*

деп айтқанындай, Дінмұхаммед Ахметұлы шамасы келгенінше өзінің жанындай жақсы көрген туған халқына, өскен жеріне, көпұлтты еліне аянбай еңбек еткен алаштың ардақты азаматы екені ақиқат шындық. Сондықтан да оның ғазиз аты, жарқын бейнесі туған халқымен бірге мәңгі жасайтыны, ел жадында үнемі жаңғырып тұратыны кәміл. Өйткені, ұлы адамдарды ұмыту мүмкін емес.

Бақтияр СМАНОВ,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі



ӨМІРАҢ
ӨЗІНІҢ...

Алматы облысының Балқаш ауданындағы Көкжиде деген ауылда дүниеге келген Әспеткүл Базарбекқызы отбасындағы тоғыз баланың төртіншісі. Әкесі шаңырақта жалғыз ұл болған екен. Бұл туралы өзі былайша еске алды: «Бес қыздың қуанышына бөленген ата-әжеміздің көңілінде бір ғана кірбің болыпты. Өмірге ұл келуін қатты армандайды. Сөйтіп, Алладан көзі көрмейтін болса да бір ұл беруін тілейді. Өздері күткендей, дүниеге ұл келеді. Өкінішке қарай, әкемнің көз жанары семіп туады. Тұқым қуалайтын сол дерт балаларын да айналып өтпеді. Тоғыз баланың төртеуі,

түсінгендіктен, тек оқуға ден қояды. Брайль әліпбиін жақсы меңгереді. Орыс тілінде білім алған ол туған тілін ұмытпауды естен шығармайды. Сөйтіп Брайль әліпбиіне негізделген қазақша оқуды да үйреніп алады. Кейде түнде адамның елегізіп, ұйқысы қашатын кезі болады ғой. Ондайда Әспеткүл қолына кітап алып, саусақтары арқылы шығарманы оқи жөнеледі. Бірінші сынаптан бастап игерген білімі, тәжірибесі әлі күнге жемісін беріп келеді. Тіпті кітап оқу — ол кісінің сүйікті әдеті. «Егер Брайль әліпбиі болмаса қалай күн кешер едік?» деп ойға қалған ана бүгінге дейін оқыған шығармаларын үнемі есіне түсіреді. Жасыратаны жоқ, Брайль әліпбиімен

беретін. Қызық еді. Қазір сондай дүниелерді сағынамын, — деген Әспеткүл өткен күндерін есіне қайта түсірді.

Ол марқұм анасынан әпкесін неге Әспет, өзін неге Әспеткүл деп атағанын білгісі келіп, үнемі сұрайды екен. Сонда шешесі «Саған қамқор болсын, жетелеп жүрсін деп әдейі қойғанмын» депті. Айтқаны келіп, әпкесі оған әлі күнге көмектесіп тұрады. Өзі де зерделі. Кітапхана маңында тұрады. Осында ешкімнің жетелеуінсіз келіп, керек кітабын алып кетеді. Оқып

Айбас
ер

Бұл ерге күміс молынан пайдаланылады. Қызыл-қоңыр немесе көк-жасыл ақық тастар ердің алдыңғы және артқы қасына өдемі ер береді.

Ертоқымның басы жарты ай пішінді болып келетіндіктен «Айбас ер» деп аталған. Ел арасында найман ер деген аты бар. Ердің әйелдерге арналған түрі де дәл осындай. Айырмашылығы — керсенінде (адам отыратын орны). Әйел ердің керсені үлкендеу, жатық жасалады.

Қараңғыда да кітап оқиды



оның ішінде мен де зағиппын. Кіндігіміз кесілгенде көзіміз сау болса да, арада 8-9 ай өткенде семіп қалады. Берен әжеміз сонда жаман сөзді аузына алғанына налып, «тым болмаса ақсақ деп сұрамаппын-ау» деп өкінген екен.

Әкеміз басына түскен қиындыққа қарамастан барынша білім жинауға тырысып, домбыраны шебер тартатын болған. Анам Төрөкыз екеуі тоғыз баланы ел қатарынан қалдырмады. Дүниеден өткенше қамқор болды. Анашым кедейдің қызы болған. Әкеміз жақ дәулетті тұрған. Шешем келінін сатып алыпты. Бұл бір ұзақ әңгіме. Соған қарамастан тату-тәтті тұрды. Жарық дүниеге әкелген ата-анамызға ризамыз», — дейді Әспеткүл.

Бір ағасы ғана дүниеден өткені болмаса, қалған сегіз бауыры Алматы, Тайғар қаласы және Баканас ауылында тұрады. Бәрімен жиі хабарласып, мүмкіндігінше араласады.

Кезінде Қаскелеңдегі арнаулы мектепте білім алған қыз өз жағдайын жақсы

алғаш рет орыс тілінде танысқандықтан осы тілде оқудың жеңілдігін айтады. Соған қарамастан қазақ жазушыларының шығармаларын да жиі қолға алады. Бұл туралы ол:

— Илияс Есенберлиннің «Көшпенділерін» қатты қызығып оқыдым. Былтыр ақын Фариза Онғарсынованың өлеңдері жанадан Брайль қарпімен шығыпты. Оны да оқып тастадым. Керемет ұнады. Осындайда Мұқағалм Мақатаевтың «Фариза!» деген өлеңі еске түседі.

*Фаризажан, Фариза-қыз,
Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.
Шыдай-шыдай ақыры жалығармыз,
Бірімізден біріміз арылармыз.
Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,
Шан басқан архивтерден табылармыз.*

Кос ақын да өмірде жоқ. Ал өлеңдері архивке кетті. Бірақ, өлеңді жақсы көретін жұрттың жүрегінде екеуі де мәңгілікке қалды, Әсіресе «Қыз монологу» маған ерекше әсер етті, — дейді.

Зағип жандардың назарына ұсынылатын шығармалар кітапханада жеткілікті. Олардың дені Ресейден сатып алынады. Соңғы кездері өз елімізде шыққан кітаптар да көбейіпті.

— Өз басым романдарды оқи бермеймін. Уақытты көп алады. Сондықтан қысқа әңгімелерді басып шығаруға назар аудару керек. Кезінде үлкен апайым Әспет маған «Жұлдыз», «Жалын» журналын оқып

болған соң қайтарып береді.

Қазір ғана 2020 жылдың жаңа күнтізбесімен танысыпты. Тіпті оны қолына алып, бетін ашып, білінер-білінбес бұдыры бар ақ паракты саусақтарымен сипалай жөнелгенде, еріндері қоса жыбырлады. Дауыстап оқи бастағанына қарап отырып, тіпті зағиптығына сенгін келмейді. Брайль қарпітерін жетік меңгерген. Айтпақшы, осы жерде ол кісі бір оқиғаны есіне алды.

— Суқараңғы болса да көзіміз жайнап тұрған соң жұрт бізді сау адам деп қалады. Бірде аялдамада трамвай күтіп тұрғанмын. Көлік келіп тоқтағанын сездім де, қандай трамвай екенін орысша сұрадым. «Железный трамвай» деді ол. Железный екенін өзім де білемін, нөмірі қандай деп қайта сұрадым. «Қазақша сұрамайсыз ба?» деді бейтаныс адам. Көзім көрмейді, қай ұлт екенінді қайдан білемін деп едім, ол бірден кешірім сұрады. Осы секілді оқиғалар болып қалады. Бірақ, ешкімге өкпелеген емеспін. Аллаға шүкір, бір ұл, бір қыз өсірдім. Екеуі де жоғары білімді. Екі немерем бар, — дейді сөз арасында.

Құдай қосқан қосағы Азаматпен Алматыда кешкі мектепте танысыпты. Ол кісі де өнерден құралақан емес. Домбыра, баян секілді музыка аспаптарының құлағында ойнайды. Осындағы жастардың «Армандастар» деген тобында екеуі де ән салады. Ал кітаптан «Соңғы жаз» деген шығарманы оқу үстінде екен. «Көзі көретін кісілерде арман жоқ. Қалаған шығармасын оқи алады. Ал біз іздеген кітабымызды кез келген жерден таба алмаймыз. Сондықтан жанары сау кісілер уақыттың қадірін білуі тиіс», — деген Әспеткел Базарбекқызының пікірі орынды. Қазір жұрттың бір бөлігі газет-журнал мен кітапты жылы жауып қойған. Есесіне қолдарынан ұялы телефонның тастамайды. Осындайда Әспеткүл секілді аналардың өмірі кез келген кісіге өнеге болары анық.

Ал қалта телефондары зағип жандарда да бар. Бірақ олар телефонды тек керек кезінде қолданады. Ал кітапты жата-жастанып оқуды айнымас әдетке айналдырған. Қазіргі жастар да осы дәстүрді жалғастыра, нұр үстіне нұр болар еді.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

ӨЙЛАН, ТАҢ?

Жұмбақ
есеп

Көпті көрген қария немересін есепшілікке баулу мақсатымен жас баланың жадына тез жазыла кететін жұмбақ есептерді жиірек айтып жүреді.

— Алты аяғы бар, тал таяғы бар, арқасында құйрығы бар, адамнан бұйрығы бар. Ол не нәрсе? — дейді ата бір күні.

Ол кәдімгі таразы, — деп немересі бірден жауап береді.

Шал немересінің тапқырлығына қуанып, тағы бір жұмбақ есеп айтады.

— Он екі түйе, он жылқы, Тоғыз сиыр, бес ешкі.

Екі коян, үш түлкі, Таба алмасаң бол күлкі.

Бала санын септеп, «бәрі қырық бір екен» дегенде шалдың өзі күліп жібереді.

Қария немересінің нені білмегеніне күлді?

(«Қырық қазына» кітабынан)

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Алматы қаласы Алатау ауданының тұрғындары! 15.01.2020 жылы, сағат 10:00-де аудан тұрғындарының жалпы жиналысы өтеді. Күн тәртібінде: 1) Алатау ауданындағы «Нүркент» ы/а атауын; 2) Горюнов көшесі мен Горюнов аялдамасының атауын жанаша атауға өзгерту. Жиынға толық қатысуларыңызды сұраймыз. Өтетін орны №29 поликлиника. Ардагерлер бөлмесі. Бастамашыл топ.



Моңғолияның қиыр солтүстігіндегі биік тауда өмір сүретін дұхалар – түріктідес халық. Олардың тіршілігі сол аймақты мекендейтін бұғылармен тікелей байланысты. Ресми санақ бойынша олардың саны небәрі 800-дей. Өркениет игілігінен алыс жатқан осы халықтың тұрмысы мен дәстүрі саяхатшыларды көптен бері қызықтырып келеді.



Дұхалар

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2193;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.